29 қараша
МӘСЛИХАТТАР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫ
ВЫБОРЫ ДЕПУТАТОВ МАСЛИХАТОВ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақта «Ынтымақ – мызғымас қорған» деген сөз бар. Біз – болашаққа үлкен үмітпен, зор сеніммен қарайтын ұлтпыз. Шын мәнінде, біз татулық пен тұрақтылықтың арқасында сан түрлі сынақтан сүрінбей өттік. Ел игілігін еселеп, өркениетіміздің өрісін кеңейттік. Біртұтас ұлт ретінде түбегейлі өзгерістерді табысты жүзеге асырдық. Ең бастысы, халқымызға айнымас бағдар болатын қастерлі құжат – Конституциямызды біртұтас ел болып қабылдадық.

№137
(5035)
Бейсенбі
19 қараша
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Алдағы желтоқсан айында елімізде Тәуелсіздік мерекесінің 35 жылдығы аталып өтіледі. Бүгінгі таңда Астана мерейлі мерекеге орай безендіріліп жатыр.

Айтулы дата қарсаңында елорда көшелеріне мемлекеттік ту мен тақырыптық баннерлер ілініп, ғимараттардың қасбеті мен LED-экрандарда мерекелік бейнелер көрсетіле бастады, деп хабарлайды Elordainfo.kz.

Мерекелік безендіруді қаланың бірнеше аумағынан көруге болады. Тәуелсіздіктің 35 жылдығына арналған тақырыптық бейнероликтер қалалық 3D LED-экранда, шолу дөңгелегінде, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ғимаратының қасбетінде және басқа да нысандарда көрсетіліп жатыр.

Мерекелік шараларға елорданың сауда орталықтары да атсалысуда. Олардың ішкі LED-экрандарынан Қазақстан тәуелсіздігіне арналған бейнероликтер көрсетілуде.

Биыл 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығы аталып өтіледі.



500 АҒАШ — 500 БІРЕГЕЙ ТАРИХ

Астанада елорданы көгалдандыруға және қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыруға бағытталған «Таза Қазақстан» экологиялық шарасы өтті. Назарбаев университетінің аумағында ұйымдастырылған іс-шараға студенттер, еріктілер, экобелсенділер, жастар ұйымдарының өкілдері және қала тұрғындары қатысты.



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

ЖАҢА КОРПУС АШЫЛДЫ

Елордадағы №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасында травматологиялық пункттің жаңа корпусы пайдалануға берілді, деп хабарлады Астана әкімдігінің ресми сайты.



Жалпы көлемі 2678,32 шаршы метр болатын жаңа қосымша ғимаратта реанимациялық зал, операциялық блок, компьютерлік томография және рентгендік диагностика кабинеттері қарастырылған. Заманауи медициналық жабдықтар қажетті тексерулерді жүргізіп, мамандандырылған көмекті қысқа мерзімде көрсетуге мүмкіндік береді.

Травматологиялық пунктті кеңейту қажеттілігі медициналық мекемеге түсетін жүктеменің жоғары болуымен байланысты. Мұнда күн сайын түрлі жарақаттармен шамамен 400 бала жүгінеді

Айта кетейік, №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы туғаннан бастап 18 жасқа дейінгі балаларға мамандандырылған стационарлық медициналық көмек көрсетеді.



КІТАП ОҚИТЫН ҰЛТ

Елорда тұрғындары «Оқитын ұлт» марафоны аясында 100 мыңға жуық кітап оқыды. Ұлттық жобаға бүгінде 126 926 елорда тұрғыны қатысып жатыр.

Осы аптадағы мәлімет бойынша, марафонға қатысушылардың оқыған шығармалары туралы 93 768 пікірі модерациядан сәтті өтіп, оқырмандарға тиісті ұпайлар есептелген.

Марафонға ең көп қатысып жатқан – елордалық мектеп оқушылары.

«Оқитын мектеп» бағыты 50 566 қатысушыны біріктіріп, ең ауқымды бағытқа айналды. Олар оқыған кітаптары туралы 37 751 пікір қалдырған.

Жобаға студент жастар да белсенді қатысуда. «Оқитын университет» бағытына 21 640 адам тіркеліп, 7 475 пікір жариялаған. Ал елордалық колледждерден 20 632 қатысушы қосылып, 20 566 кітап оқыған.

Марафонға 10 447 педагог те қатысып жатыр. Олар 17 593 пікір қалдырған. Оның 17 045-і модерациядан өткен.

Марафонның кітап оқу кезеңі 2027 жылғы 9 наурызға дейін жалғасады.

№137 (5035) 19/11/2026 Бейсенбі

АҚОРДА



АЙРЫҚША СИПАТҚА НАЗАР АУДАРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Жоғарғы сотының төрағасы Игорь Красновты қабылдады. Қазақстан Президенті кездесу барысында ортақ тарихқа, тату көршілікке, сондай-ақ қос халық арасындағы өзара құрмет пен берік байланысқа негізделген Қазақстан-Ресей қарым-қатынасының айрықша сипатына назар аударды.

Президенттің айтуынша, мемлекетаралық қатынастардың жаңжақты стратегиялық серіктестік және одақтастық деңгейіне көтерілуі барлық бағыттағы, соның ішінде құқық саласындағы ықпалдастықтың да дәйекті түрде дамып келе жатқанын көрсетеді. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бүкіл мемлекеттік-құқықтық жүйесін жаңғыртуға бағытталған ауқымды саяси реформаларға тоқталды.

Өз кезегінде Ресей Жоғарғы сотының төрағасы Қазақстан сотымен белсенді ықпалдастық жолға қойылғанын жеткізді. Атап айтқанда, тарихта тұңғыш рет екі елдің жоғары сот инстанциялары арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл құжат кәсіби диалогқа, сот төрелігін цифрландыруға және жасанды интеллектіні қолданысқа енгізуге негіз болады.

Сонымен қатар Игорь Краснов ғылым және білім беру салаларында, әсіресе, біліктілікті арттыру және сот қызметкерлерінің цифрлық дағдыларын дамыту бағытында серіктестік аясын кеңейтуге мүдделі екенін растады.

YKIMET

ALMATY SUPERSKI ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Kazakh Tourism Development Ltd. компаниясы директорлар кеңесінің отырысын өткізді. Жиында Almaty SuperSki жобасын жүзеге асыру барысы қаралды.

Kazakh Tourism Development Ltd. бас атқарушы директоры Ержан Еркінбаев құрылыс алаңындағы жұмыстар белсенді кезеңге өткенін және бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатқанын баяндады.

Бүгінгі таңда POMA француз компаниясымен бірлесіп, аспалы жолдардың іргетасын құю жұмыстары басталды. Сонымен қатар Almaty SuperSki жобасының жеке техникалық талаптарын ескере отырып, аспалы жолдардың жабдықтарын дайындау жұмыстары қатар жүргізілуде. Жобаны жүзеге асыруға отандық компаниялар тартылуда. Атап айтқанда, Almaty SuperSki жобасы аясында 11 аспалы жол салатын POMA компаниясы әлеуетті жергілікті өндірушілерге бағалау жүргізді. Талдау қорытындысы бойынша аспалы жолдардың жекелеген құрылымдық элементтерін еуропалық сапа және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес өндіру үшін қазақстандық кәсіпорын іріктелді. Бұл тәсіл отандық өнеркәсіпте технологиялардың қажетті трансфертін қамтамасыз етіп, жаңа құзыреттер қалыптастыруға мүмкіндік береді.



Директорлар кеңесі қызмет көрсету бойынша жарияланған ашық конкурстың нәтижелерін тыңдап, технологиялық және экономикалық көрсеткіштердің кең ауқымын саралады. Мәселен, Foster+Partners бюросы әзірлеген архитектуралық тұжырымдаманы жүзеге асыруға тарту үшін индустриядағы әлемдік көшбасшы саналатын келесідей компаниялар таңдалып алынды: Швейцариялық Blumer-Lehmann компаниясы жобаның Базалық және Жоғарғы стансалары ғимараттарының ағаш тірек конструкцияларын жобалауды, дайындауды, жеткізуді, монтаждауды техникалық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

ҚҰРЫЛТАЙ

БАЛАНЫ ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ КОНТЕНТТЕН ҚОРҒАЙДЫ

Кеше Құрылтай онлайн-платформалар мен масс-медиа заңына түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобаларында жазылғандай, БАҚ пен әлеуметтік желілерде былапыт сөз қолданғандар әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Онлайн-платформалар – заңға қайшы контент таратқаны үшін, ал олардың Қазақстандағы өкілдіктері оны жою туралы уәкілетті органның талабын орындамағаны үшін жауапқа тартылады.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

Тағы бір қызу талқыланып жатқан мәселе – аудиториясы 5 мыңнан асатын ашық пабликтер мемлекеттік тіркеуден өтуге міндеттеледі. Паблик иесі өзі туралы жеке деректерді уәкілетті органға тапсыруы керек. БАҚ мемлекеттік органдардың ресми жауаптарын арнайы белгімен жариялауға міндеттелуі мүмкін. Ал білім беру курстарын жариялайтын медиалар автордың білімі мен дипломы туралы мәлімет көрсетуге тиіс.

ТІРКЕЛУІНЕ ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛАДЫ

Заң жобаларында 16 жасқа толмаған балалардың онлайн-платформаларда тіркелуіне тыйым салу, 5 мыңнан астам жазылушысы бар аккаунттарды сәйкестендіру және платформаларға Қазақстанда заңды өкілдік ашу міндетін жүктеу ұсынылады. Мұндай түзетулерді Құрылтай отырысында Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев түсіндіріп берді.

Құзырлы ведомство басшысы заң жобаларындағы негізгі түзетулерді төрт бағытқа бөліп қарастырды. «Бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі – онлайн-платформалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету. 2026 жылдың 10 айындағы мониторинг нәтижелері бойынша платформаларда заңға қайшы 128 мыңнан астам материал анықталды. Алайда олардың тек қана 70 пайызы өшірілді. Бұл платформалардың заңнама талаптарын орындау жауапкершілігін күшейту қажеттігін көрсетеді» деді министр.

Арман Қырықбаев онлайн платформалардың Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлға нысанындағы өкілдіктерін ашу жөніндегі талапты заңнамалық тұрғыдан бекіту ұсынылғанын мәлім етті. Платформа иесі мен оның өкілдігі заңға қайшы контентті немесе балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты жою жөніндегі уәкілетті органның нұсқамаларын орындамағаны үшін әкімшілік жауапқа тартылады. Бұдан бөлек, заң жобаларында 5 мыңнан астам жазылушысы бар пайдаланушылар мен жария қауымдастықтарды сәйкестендіру тетігі де көзделген.

Екінші бағыт аясында цифрлық ортада балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударылған. «Бүгінде балалардың платформалардағы ақпаратқа, оның ішінде зиянды және деструктивті контентке қол жеткізуі іс жүзінде шектелмеген. Осыған байланысты 16 жасқа толмаған балалардың платформаларда тіркелуіне тыйым салу ұсынылады. Платформа иелері мен олардың өкілдіктері пайдаланушылардың жасын тексеруге қатысты іс-шараларды іске асыруға міндеттеледі. Бұл ретте тыйым тұлғааралық қарым-қатынас жасауға, ата-аналармен және мұғалімдермен байланыс орнатуға арналған мессенджерлерге қолданылмайды» деп түсіндірді министр.

ОНЛАЙН КИНОТЕАТРЛАР ҚЫЗМЕТІ РЕТТЕЛЕДІ

Үшінші бағыт аудиовизуалды контентті тарату саласын қамтиды. Бүгінде телевизиялық және өзге де аудиовизуалды контент дәстүрлі телерадио хабарларын тарату арқылы ғана емес, онлайн кинотеатрлар сияқты түрлі платформалар арқылы да таралады. Алайда қолданыстағы заңнама негізінен телерадио арналарды таратудың дәстүрлі тәсілдерін реттейді. «Осыған байланысты аудиовизуалды платформалар мен онлайн кинотеатрлардың қызметін заңнамалық тұрғыдан реттеу ұсынылады. Атап айтқанда, аудиовизуалды платформа арқылы телерадио арналарды тарату лицензия негізінде жүзеге асырылып, ал онлайн кинотеатрлар еліміздің аумағында заңды өкілін айқындауға міндетті болады» деді ол. Төртінші бағыт ақпарат кеңістігіндегі ресми ұстаным мен журналистік материалдың мазмұнын ажыратуға қатысты. Ақпарат кеңінен таралатын қазіргі жағдайда мемлекеттік органның ресми жауабы мен журналистік материалдың мазмұнын нақты ажыратудың маңызы артып отыр. Осы мақсатта мемлекеттік органдардың жауаптарын БАҚ-та жариялау кезінде арнайы белгі қою ұсынылады.

СУРЕТТІ КЕЛІСІМСІЗ ЖАРИЯЛАУҒА БОЛА МА?

Заң жобасында онлайн ортада азаматтардың ар-намысы, қадір-қасиеті мен іскерлік беделін қорғау мәселесіне де назар аударылған. Масс-медиа мен платформаларда балағат сөздер қолданғаны және платформаларда жала жапқаны үшін әкімшілік жауаптылық енгізу ұсынылады. Бұл азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, цифрлық ортада қолдануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Адамның бейнесін оның келісімінсіз пайдалануға қатысты жағдайлар нақтыланады. Ашық дереккөздерден алынған адамдардың фото-, видео бейнелерін олардың келісімінсіз пайдалануға, тек адамның өзі оларды одан әрі пайдалануға тыйым салмаған жағдайда ғана жол беріледі. Сонымен қатар адамның жеке және отбасылық өміріне қатысты мәліметтер мен бейнелер оның қызметтік ісіне жатпайтыны тікелей бекітіледі» деп түсіндірді Арман Қырықбаев.

Министр қандай да бір лауазымды тұлға заң бұзушылық үстінде объективке түсіп қалса, оның арнайы келісімін алып қажет еместігін айтты. «Бұл жердегі негізгі мақсат – қызмет барысындағы бейнежазба мен жеке отбасылық өміріндегі бейнежазба арасының аражігін ажыратып алу. Әр адамның жеке өмірі бар, оған қол сұғуға болмайды. Бұл әрбірден соң конституциялық талап екенін өздеріңіз жақсы білесіздер. Ал қызмет барысында, белгілі бір ресми іс-шаралардың, болмаса бір жиналыстың үстінде, Құрылтай қабырғасында болып жатқан жиындардың үстінде бейнетаспаға ілініп жатса, ешқандай да келісім алудың қажеті жоқ» деді ол.

P.S: *Бұл тақырыпты баспасөзде, әлеуметтік желілерде бірнеше рет көтеріп, қоғамдық пікірдің талқысына шығардық. (Қараңыз: «Әлеужеліге тәуелділік: қызық па, қауіп пе?», 21.07.2026. https://www.astana-akshamy.kz/.../aleuzelige-taueldilik...; «Бала және әлеуметтік желі», 25.07.2024. https://halyqline.kz/masele/bala-zhaene-aelewmettik-zheli/; «Әлеуметтік желі мен таным», 15.07.2026. https://juzmedia.kz/news/5920-leumettik-zheli-men-tanym/; «Әлеуметтік желідегі өшпенділік», 31.10.2024, https://halyqline.kz/qogam/aelewmettik-zhelidegi-oeshpendilikten-qandaj-qawip-bar/; «Жастар смартфоннан бас тарта ала ма?», 02.12.2025, https://www.astana-akshamy.kz/news/zhastar-smartfonnan-bas-tarta-ala-ma). «Ештен кеш жақсы» демекші, интернеттегі әлем-жәлем контентті саналы, сауатты тұтыну мәдениеті жоқ балаларды бүгін қорғауды қолға алмасақ, ертең кеш болуы мүмкін.*

ӘДІЛЕТ

ХАЛЫҚПЕН КЕҢЕСІП, МӘСЕЛЕНІ БІРГЕ ШЕШЕЙІК!

МӘСЛИХАТ САЙЛАУЫ 2026

Дайындаған: «Әділет» партиясының баспасөз қызметі. «Әділет» партиясы» ҚБ сайлау қорының қаражаты есебінен төленді. Тапсырыс беруші: Кистаубаев М.Г.

2026 ЖЫЛҒЫ 29 ҚАРАШАДА ӨТЕТІН АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНДА ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕРІН ҰСЫНҒАН САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ САЙЛАУ ҚОРЛАРЫНА ҚАРАЖАТТЫҢ ТҮСУІ ЖӘНЕ ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2026 жылғы 18 қарашадағы жағдай бойынша, теңге

№	Іс шаралардың атаулары	Саяси партиялардың атаулары						
		"Ауыл" партиясы	Жалпы-ұлттық социал-демократиялық партия	"Қазақ-стан Халық партиясы"	"Respub-lica" партиясы	"Ақ жол" пар тиясы	"Бай-тақ" пар-тиясы	"Әділет" партиясы
1	**Саяси партиялардың сайлау қорына түскен қаражаттың барлығы, оның ішінде:**	**8 250 000**	**5 000 000**	**762500**	**1 229 080**	**7 000 000**	**0**	**85 300 000**
1.1	Саяси партиялардың жеке қаражаты («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 92-1-бабы 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес)	0	0	762500	1 229 080	0	0	0
1.2	Республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырмалдықтары («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 92-1-бабы 2-тармағының 1-тармақшасына сәйкес)	0	5 000 000	0	0	4 000 000	0	84 000 000
1.2.1	Азаматтардың ерікті қайырмалдықтары	8 250 000	0	0	0	3 000 000	0	0
1.2.2	Республика ұйымдарының ерікті қайырмалдықтары	0	0	0	0	0	0	1 300 000
2	**Саяси партиялар жұмсаған сайлау қоры қаражатының барлығы, оның ішінде:**	**6 781 000**	**4 267 750**	**672 500**	**1 229 080**	**208 000**	**0**	**8 976 480**
2.1	Кез келген тіркелген бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеуге	0	0	0	0	0	0	0
2.2	Сайлау алдындағы көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге	3 850 000	0	0	0	0	0	1 875 000
2.3	Баспа, дыбыс-бейне және өзге де үгіт материалдарын шығаруға және таратуға	0	2 007 750	0	1 050 000	0	0	4 841 480
2.4	Үгіт жұмысын ұйымдастыру бойынша заңды және жеке тұлғаларға ақы төлеуге	0	2 260 000	0	0	208 000	0	85 000
2.5	Кандидаттардың көлік және іссапар шығыстарын жабуға	0	0	305 500	0	0	0	0
2.6	Баспа материалдарын, сондай-ақ сайлау науқаны үшін басқа да белгілер мен нышандарды тегін тарату үшін дайындауға арналған	2 931 000	0	457 250	179 080	0	0	2 175 000

** Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясының сайлау қоры есепті күнге ашылмаған.*

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамының мәліметтері негізінде Астана қаласының аумақтық сайлау комиссиясы

2026 ЖЫЛҒЫ 29 ҚАРАШАДА ӨТЕТІН САЙЛАУДА БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША ҰСЫНЫЛҒАН АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТТАРДЫҢ САЙЛАУ ҚОРЛАРЫНА ҚАРАЖАТТЫҢ ТҮСУІ ЖӘНЕ ЖҰМСАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2026 жылғы 17 қарашадағы жағдай бойынша, теңгемен

Округ №	Кандидаттың Т.А.Ә.	Барлық түсім	Өз қаражаты	Ерікті қайырмалдықтар	Азаматтардан	Ұйымдардан	Барлық шығыс	БАҚ	Жария іс-шаралар	Үгіт материалдары	Қызметтерге ақы	Көлік және іссапар	Баспа материалдары мен нышандар
1	Кожахметов Жандос Жумагаиевич	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
1	Койлов Павел Владимирович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
1	Хайлитдинова Галия Рахматуллаевна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
1	Сергеев Владислав Алексеевич	**500 000**	500 000	0	0	0	500 000	150 000	0	0	350 000	0	0
2	Утельбаева Мадина Жумабаевна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
2	Кабдылкаримов Азамат	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
2	Байсеркина Динара Сатжановна	**436 000**	0	436 000	0	0	450 000	200 000	100 000	135 000	0	0	0
3	Сагындыкова Алма Жумкеновна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
3	Рысмагамбетов Нурболат Сабырович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
3	Рысмагамбетов Нурболат Сабырович	**0**	0	0	0	0	890 000	420 000	120 000	0	0	0	350 000
3	Курманбаев Евгений Хайруллаевич	**1 000 000**	1 000 000	0	0	0	890 000	420 000	120 000	0	0	0	350 000
4	Ильясов Жандос Колдасович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
4	Камзин Нуран Амангельдинович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
4	Акенев Фазылжан Карымович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
4	Төрәлі Махат	**4 000 000**	0	0	0	0	2 998 750	0	0	0	170 000	0	2 828 750
5	Амангельдинов Темирлан Мусаевич	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
5	Мажит Камила Мырзатайқызы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
5	Ахметова Марал Кулькеновна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
5	Айтхожин Азамат Серикович	**1 000 000**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
6	Николайчук Максим Олегович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
6	Шаймерденов Искандер Айдарбекович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
6	Каден Айбек Мухтарұлы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
6	Касымбергебаев Бауржан Тилеубергенович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
7	Макеева Жулдыз Жексебаевна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
7	Токсеитов Тимур Ракимбергенович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
7	Тишбаев Темирхан Газизович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
7	Изимбетова Жанар Салимовна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
8	Тастанов Нурбол Есболұлы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
8	Торгаева Фарида Сапиоллина	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
8	Нурмагамбетов Канат Кабдрахманович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
8	Рахымжан Айгуль Хамитқызы	**2 500 000**	0	0	0	0	1 144 500	1 048 000	0	0	96 500	0	0
9	Бердіғалиұлы Саят	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
9	Хасенова Эльмира Келисовна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
9	Мукатов Арман Тыныштыбаевич	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
9	Слободяник Александр Борисович	**1 225 000**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
10	Бөлен Хансейт Ыбрахымұлы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
10	Саттархан Ақерке Болатқызы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
10	Шамкенов Асет Шамкенович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
10	Умаров Закиржон Мухтарович	**2 100 000**	2 100 000	0	0	0	2 053 000	1 200 000	853 000	0	0	0	0
11	Айтова Жанат Турысбековна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
11	Капанова Галия Сайрановна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
11	Садуақасова Нұрия Өксікбайқызы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
11	Жусупова Санира Орынтаевна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
12	Каратаев Таир Нурланович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
12	Азбергенов Дияс Сержанович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
12	Ражанов Медеу Ражанович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
12	Турсынбаев Нурбол Нурланович	**4 500 000**	0	4 500 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0
13	Ирсалиев Серик Азтаевич	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
13	Джунусалиев Бийгазы Абдынасырович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
13	Кусаинова Турсынгуль Жагыпаркызы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
13	Акимбаев Куат Мусабекович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
14	Мусенов Ерлан Тастымбекович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
14	Жабаева Аимкуль Куанышовна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
14	Шоман Алмас Әбілқасымұлы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
14	Лория Давид Григорьевич	**1 900 000**	1 900 000	0	0	0	1 725 500	0	450 000	540 000	735 500	0	0
15	Жамаш Жүсіпжан Көпжанұлы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
15	Сатова Гаухар Рамазановна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
15	Капезов Берлик Еркенович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
15	Мауленкулов Габит Патшаханович	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
16	Бельденова Камшат Аманбаевна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
16	Оналбаева Гулнар Беркаевна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
16	Рамазан Азамат Болатұлы	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
16	Кымбатов Уалихан Амангельдинович	**880 000**	0	0	880 000	0	878 00	0	50 000	828 000	0	0	0
17	Жасеитов Ералы Мамбеталиевич	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
17	Мухитдинова Кайрлы Асылбековна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
17	Сеитова Ардак Бейсенбаевна	**0**	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
17	Жұмағазиев Нұрсұлтан Асқаруұлы	**6 000 000**	4 000 000	0	2 000 000	0	5 966 000	1 344 000	685 300	2 436 700	300 000	500 000	700 000

Астана қаласының округтік сайлау комиссиялары
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ деректері негізінде

500 АҒАШ – 500 БІРЕГЕЙ ТАРИХ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Акция аясында қатысушылар университеттің бас ғимаратынан Пирамидаға апаратын жол бойына ағаш отырғызды. Іс-шараның басты ерекшелігінің бірі – атаулы ағаштарды отырғызу болды. Осылайша, олардың әрқайсысы белгілі бір оқиғаға, жағдайға немесе жақын адамға арналып, таңдалған жерге шырша егілді. Экологиялық бастамаға осы күні некеге тұрған жас отбасылар да қосылды.

Әлиевтер отбасы бір-бірімен бала кезінен таныс. Жас жұбайлар күнделікті өмірде қоқысты сыртта қалдырмау, қоршаған ортаны ластамау және қалдықтарды бөлек жинау үшін көзделген контейнерлерді пайдалану сынды әдеттерді ұстануға тырысатынын атап өтті. Осылайша, олар қаланы көгалдандыруға үлес қосып қана қоймай, жаңа бастамаларға жол ашып, болашақ ұрпаққа қамқорлық жасаудың қаншалықты игілікті іс екенін сезінді.

5000 ағаш отырғызу бастамасы аясында іс-шараға қатысушылар қосымша 500 атаулы көшет отырғызды. «500 ағаш – 500 бірегей тарих» бастамасы жасыл желектердің орналасқан жері және учаскелері туралы мәліметтері бар цифрлық паспорттарын жасауды көздейді. Арнайы платформа ағаштардың тарихымен және олардың жайкүйі мен күтімі туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік береді.

Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев атап өткендей, іс-шараға жастардың белсенді қатысуы «Таза Қазақстан» бастамасын іске асыруда маңызды рөл атқарады.

– Бүгін акцияға елорданың жетекші жоғары оқу орындарының экобелсенділері, еріктілері мен студенттері қосылды. Қаладағы колледждер мен университеттерде 120 мыңға жуық студент оқиды және осы жастар түрлі экологиялық іс-шараларға қатыса отырып, «Таза Қазақстан» бастамасын белсенді қолдайды. Бұл тек ағаш отырғызу және аумақты жинау ғана емес, сонымен қатар экологиялық тәрбие, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру екенін түсіну маңызды, – деді ол.

Спикердің айтуынша, әрбір отырғызылған ағашқа көшеттерді одан әрі күту жауапкершілігін өз мойнына алатын жастар бекітіледі. Сонымен қатар, елорданың жасыл желектерін бейінді қалалық қызметтер бақылайды.

Осындай экологиялық іс-шаралар Астананың түрлі алаңдарында өткізіледі. Атап айтқанда, қыркүйек айында Мемлекет басшысы мен еріктілердің қатысуымен Президенттік саябаққа ағаштар отырғызылды. Ұйымдастырушылар мұндай бастамалардың басты міндеті жасыл желектердің санын көбейту ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындарының қоршаған ортаға жанашырлығын арттыру екенін атап өтті. Өйткені елорданың экологиялық әл-ауқатын сақтау әрбір тұрғынның жеке жауапкершілігінен басталады.

Алина ИМАМБАЕВА

№137 (5035) 19/11/2026 Бейсенбі



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МІНДЕТІ – ХАЛЫҚ МҮДДЕСІН БІЛДІРУ

Қазақстандағы қоғамдық кеңестер институты 2016 жылғы 1 қаңтарда құрылып, өз жұмысын бастағаны белгілі. Оның құқықтық негізі 2015 жылғы 2 қарашада қабылданған «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілген болатын. Мемлекет пен халық арасындағы ашық диалогты орнату және биліктің қоғам алдындағы есептілігін күшейту үшін құрылған институттың құрылғанына 10 жыл толуына орай Астана қаласы Қоғамдық кеңесі төрағасының міндетін атқарушы, ҚР ҰҒА академигі Кәрімбек Құрманәлиевпен сұхбат құрған едік.

– Кәрімбек Арыстанбекұлы, әңгімеміздің әлқиссасын Қоғамдық кеңестің негізгі мақсат-міндеттерін сөз етуден бастасақ…

– Қоғамдық кеңестер қызметінің басты мақсаты – қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіру екенін екпін түсіре айтқым келеді. Жоғарыда аталған Заң шеңберінде қоғамдық кеңестерге Азаматтық қоғамның мүдделерін білдіріп, республикалық және жергілікті деңгейдегі шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде халықтың пікірін жеткізу көзделгенін жеткізгім келеді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, квазимемлекеттік ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылау жүргізіп, олардың жұмысының ашықтығын қамтамасыз ететіндігін де тілге тиек етуге болады.

– Елорда тұрғындарына Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері туралы да айта кетсеңіз…

– Қоғамдық кеңес мүшелері бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары мен мемлекеттік органдардың нысаналы индикаторларға қол жеткізуі туралы есептерін талқылауға, сонымен бірге азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатыса алады.

Сондай-ақ заңға сәйкес, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мен қоғамдық бақылау, мониторинг, тыңдау, сараптамаларды жүзеге асыру қарастырылған.

– Қоғамдық кеңесте қызмет бағыттары бойынша қандай комиссиялар жұмыс істейді?

– Қазіргі кезде Қоғамдық кеңестің жанынан елімізге белгілі қоғам қайраткерлері мен белсенділері басшылық ететін ақпараттық-талдау жұмыстары, бюджеттік, экономикалық және қаржылық мәселелер, әлеуметтік саясатта азаматтық қоғамның мүддесін білдіру, кәсіпкерлікті дамыту, заңдылық пен тәртіп, энергия тиімділігі, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және экология және жастар істері бойынша 6 комиссия тұрақты жұмыс атқарады. Сонымен бірге, мәселені жедел шешу мақсатында Астана қалалық қоғамдық кеңесінің тоғыз мүшеден тұратын Төралқа қызмет атқарады.

– Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық Құрылтайды біріктіріп, олардың функцияларын алмастыру үшін жоғары конституциялық консультативтік орган ретінде құрылған Қазақстан Халық кеңесімен Қоғамдық кеңестердің өзара іс-қимылдары белсенді жүзеге асырылып жатқанын бұқаралық ақпарат құралдарынан оқып қалдық. Осы байланыстар туралы не айтар едіңіз?

– Өте орынды сұрақ. Қазақстан Халық Кеңесінің төрағасы Ерлан Жақанұлы Қошановтың төрағалығымен Астанада қоғамдық кеңестермен өзара іс-қимылдар бойынша өткізілген екі шараға өзім қатыстым.

Қазақстан Халық Кеңесі мүшелері өңірлердегі азаматтық қоғам өкілдерімен, білім беру, денсаулық сақтау саласы мамандарымен, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен этномәдени бірлестіктермен ашық диалог форматында жиындар өткізіп, қоғамдық бақылау мен өзара іс-қимылды арттыру бойынша жұмыстар жүргізіп жатқанын жалпы жұртшылық жақсы біледі деп ойлаймын. Халық Кеңесінің құрамына өңірлік мәслихаттар мен қоғамдық кеңестердің өкілдері ресми түрде кіріп, олардың әзірлеген қорытындылары мен ұсынымдарын мемлекеттік органдармен және Қазақстан Республикасының Құрылтайымен байланыстыру тетіктері іске қосылғаны жайлы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жарияланғанын білеміз. Сайып келгенде, қоғамдық келісімді нығайтып, қоғам мен мемлекет арасындағы байланысты арттырып, жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету жолындағы өзара іс-қимыл одан әрі жандана беретініне сенім мол.

– Қоғамдық кеңес шешімдері ұсынымдық сипатқа ие екені белгілі. Сонда мемлекеттік органдармен қалай өзара іс-әрекет етесіздер?

– Иә, дұрыс айтасыз, біз мемлекеттік органдарға тапсырма бере алмаймыз. Бірақ олар біздің ұсынымдарымызды міндетті түрде қарап, іске асыру тетіктерін қарастырып, заңмен белгіленген мерзімде уәжді жауап беруге міндетті. Бұл тәртіп Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңымен реттелетінін айтқым келеді. Егер мемлекеттік орган ұсыныммен келіскен жағдайда нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізеді, ал ұсыным қаулы немесе әкімдік шешімінің жобасына қатысты болса, мемлекеттік орган құжат мәтініне тиісті түзетулер енгізуді қарастырады.

– Қоғамдық кеңес қоғамдық бақылауды қалай жүзеге асырады?

– Қоғамдық кеңес өзінің берген ұсынымдарының қалай орындалып жатқанына қоғамдық мониторинг және бақылау жүргізу құқына ие екенін айтқым келеді. Бұл үдеріс бірнеше жолмен жүзеге асырылады.

Біріншіден, мемлекеттік орган басшылары кеңес отырыстарында атқарылған жұмыстар мен қабылданған ұсынымдардың нәтижелері туралы есеп береді;

> Елорданың төртінші шақырылымында сайланған Қоғамдық кеңесте 15 отырыс өткізіліп, 67 мәселе қаралса, оның ішінде, 56 нормативтік құқықтық актілер, 4 жоспарлы мәселе және ұйымдастырушылық мәселелер бар

Екіншіден, қарау нәтижелері мен мемлекеттік органдардың жауаптары бұқаралық ақпарат құралдарында және ресми интернет-ресурстарда жариялану керек.

– Кәрімбек Арыстанбекұлы, Қоғамдық кеңестің қазір төртінші шақырылымдағы мүшелері 2025 жылдың 2-сәуірінде сайланып, қызметке кіріскенін білеміз. Сол уақыттан бергі атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталғанда, қандай өзекті мәселелерді айрықша айтар едіңіз?

– Сұрағыңызға жауап бермес бұрын, бірінші, екінші және үшінші шақырылымдағы Қоғамдық кеңес мүшелеріне алғыс айтқым келеді. Оларды 10 жылдық мерейтоймен Қоғамдық кеңес мүшелерінің және өз атымнан шын жүректен құттықтаймын.

Қоғамдық кеңеске басшылық еткен Мемлекет және қоғам қайраткерлері Сансызбай Сейітжанұлы Есілов пен Зұлфұһар Сұлтанұлы Ғайыповтың қиын-қыстау кезде жаңадан құрылған жаңа институт - Қоғамдық кеңестің қалыптасып, одан әрі дамуына сіңірген ерен еңбектерін ерекше айтқым келеді.

Ал сұрағыңызға оралатын болсақ, елдегі жүздеген Қоғамдық кеңес сияқты біз де соңғы бір жарым жылда біраз жоспарлы жұмыстарды жемісті жүзеге асырдық. Нормативтік-құқықтық актілер, қаулылар мен әкімдік шешімдері қарастырылып, әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, білім беру, спорт пен мәдениет мәселелері бойынша есептер тыңдалып, қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

Елорданың төртінші шақырылымында сайланған Қоғамдық кеңесте 15 отырыс өткізіліп, 67 мәселе қаралса, оның ішінде, 56 нормативтік құқықтық актілер, 4 жоспарлы мәселе және ұйымдастырушылық мәселелер бар. Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 23-бабына және 2026 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, бүгінгі күнге дейін «Астана қаласын цифрландырудың 2025 жылғы нәтижелері, ақылды қала жобаларының, цифрландырудың және «Astana Innovations» АҚ жасанды интеллектті пайдалана отырып жобалық шешімдерді енгізудің барысы туралы «Астана қалалық цифрландыру және мемлекеттік қызметтер департаментінің, «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларының тиімділігі туралы» бюджеттік бағдарлама әкімшілері мен уәкілетті органдардың, «Қаланы көгалдандыру жоспарларын іске асыру және жасыл кеңістіктерді сертификаттау мен цифрландыруды аяқтау үшін қабылданған шаралар туралы» Астана қалалық қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану департаментінің, «Азаматтық секторды дамыту, үкіметтік емес ұйымдарды қолдау шаралары және халықпен ақпараттық жұмыстың тиімділігі туралы» Ішкі саясат департаментінің және Білім, дене шынықтыру және спорт, құрылыс, инвестиция және кәсіпкерлікті дамыту басқармаларының мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) жобаларының тиімділігі туралы есептері тыңдалғанын айтсақ та жеткілікті сияқты.

Отырысқа дайындық барысында Қоғамдық кеңес мүшелері МЖӘ аясында салынған бірнеше нысанды аралады. Олардың арасында 1100 студент оқитын Астана университетінің педагогикалық колледжі болды. Сондай-ақ 938 студентке арналған және барлық заманауи талаптарға сай келетін Политехникалық колледждің жаңа тоғыз қабатты студенттер жатақханасына, Тарлан мұз аренасы мен Паралимпиада стадионына барды.

– Қоғамдық кеңес мүшелерін қоғам мен биліктің арасындағы «алтын көпір» деп айтып жатады. Мемлекеттік органдарға өтініш-назын айтып келетін тұрғындарды қабылдау қалай ұйымдастырылған?

– Өте орынды сұрақ. «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес, Қоғамдық кеңес жеке және заңды тұлғалардың қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша өтініштерін қарау қарастырылған. Бүгінгі күнге дейін Қоғамдық кеңесте әртүрлі мәселелер бойынша жеке қабылдауда 7 елорда тұрғыны болды. Жоғарыда айтылған Қоғамдық кеңес жанындағы 6 комиссия төрағалары қатысқан қабылдау барысында өтініштер мұқият қарастырылып, олардың бесеуі атқарушы органдармен бірлесіп зерделеудің арқасында оң шешімін тапса, екеуі бақылауға алынды. Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес төрағасы әр аптаның сәрсенбі күні азаматтармен жеке кездесулер өткізеді.

– Сұхбатымыздың соңында, білімі мен білігі келіскен Қоғамдық кеңес мүшелерін 10 жылдық мерейтойларымен құттықтай отырып, алдағы жоспарлар жайлы да білгіміз келеді, Кәрімбек Арыстанбекұлы…

– Құттықтауыңызға көп рахмет! Білім мен білік туралы жақсы айттыңыз. Қоғамдық кеңес мүшелері қоғамдық кеңестің жұмысын жетілдіру бойынша үнемі ізденістер үстінде жүретінін жеткізгім келеді. Біліктілік арттыру семинарлары мен мемлекеттік емес ұйымдар ұйымдастырған тәжірибелік конференцияларға белсенді қатысады. Сонымен қатар, Астана қаласы әкімдігі жанындағы ведомствоаралық комиссиялар мен үйлестіру кеңестерінің жұмысына спикер ретінде қатысуы қалыпты жағдай екенін мақтаныш сезіммен айта аламын. Өйткені Қоғамдық кеңес құрамында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері, Қазақстан Халық Кеңесінің мүшелері, Ұлттық ғылым академиясының академигі мен «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреатының болуы көп нәрседен хабар берсе керек…

Сөз соңында, 10 жылдық межені еңсерген, Қоғамдық кеңестер алдағы кезеңдерде де өз мақсатына сәйкес көптеген өзекті қоғамдық мәселелерге бей-жай қарамай, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастырып, билікке халық мүддесін білдіруде аянбай атсалыса беретініне бек сенімдімін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ





АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ 9 АЙДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы ретінде бюджеттік қаражатты тиімді пайдалануды және қаржы тәртібін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік ресурстарды басқарудың тиімділігін бағалауға және елорданы дамытудың қойылған мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік аудитті жүзеге асырады.

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы 2026 жылдың 9 айында өткізген 8 аудиторлық іс-шара қорытындыларын шығарды, онда 30 нысанда жалпы сомасы 181 млрд. теңгенің бюджеттік қаражаты мен мемлекет активтері қамтылды.

Өткен тексерулер 265,8 млрд. теңгеге бұзушылықтарды анықтады (қамтудан асып түседі, өйткені шоғырландырылған қаржылық есептілік және салықтық әкімшілендіру аудиті кезінде қамту көзделмеген), оның ішінде – 200,2 млрд. теңгеге бюджетке өтелуге және құжаттарды қалпына келтіруге, жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтіруге тиіс бұзушылықтар – 44,1 млрд. теңгеге бюджетті тиімсіз пайдалану – 21,5 млрд. теңгеге тиімсіз жоспарлау анықталды.

Сонымен қатар, аудит нысандар қызметінде 826 рәсімдік бұзушылықтар мен 140 жүйелік кемшіліктерді анықтады.

Қаржылық бұзушылықтардың ішінде мерзімдері келіп түскен өтелуге тиіс 1 973,7 млн. теңгенің 972,5 млн. теңгесі (49,3%) өтелді, қалпына келтіруге тиіс 198,2 млрд. теңгенің 196,8 млрд. теңгесі (99,3%) қалпына келтірілді.

Аудиторлық іс-шаралар Астана қаласының жекелеген мемлекеттік органдары мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау және бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне, орындау сапасына, мемлекеттік активтерді басқаруға, сондай-ақ жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуге байланысты қызметінде жүйелі кемшіліктердің сақталуын көрсетті. Басқару органдары тарапынан қаржылық ресурстарды теңгерімсіз бөлу және ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне жеткіліксіз бақылаудың мәселелерін анықтады.

Мысалы, орта білім беруді жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша білім беру тапсырысын және материалдық-техникалық жарақтандыруға пайдаланылған қаражатты іске асыру тиімділігінің аудиті Білім басқармасы тарапынан жекелеген ведомстволық бағынысты ұйымдарға бөлінген бюджет қаражатының едәуір көлеміне негізделген жоспарлау, теңгерімді бөлу, көрсетілген қызметтердің нақты көлемін растау және қаражатты пайдалану үшін тиісті толық бақылау қамтамасыз етілмеген.

Жекелеген ұйымдар бойынша қажеттіліктің бір мезгілде 7,3 млрд. теңгеге артуы және басқа ұйымдарды 3,9 млрд. теңгеге жеткіліксіз қаржыландыру, жан басына шаққандағы қаражатты бөлудің теңгерімсіздігін көрсетеді.

Мектеп инфрақұрылымының жоғары жүктелуімен, жекелеген мектептер мен сыныптарда оқушылардың артуымен, материалдық-техникалық базаның жарақтандыру нормаларына сәйкес келмеуі, нақты көрсетілген қызметтер туралы деректердің жеткіліксіздігі сақталуда.

Денсаулық сақтау саласындағы квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің аудиті бюджет қаражатының ең аз көлемі кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді сапалы ұсыну қағидатын медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін мониторингілеу, сондай-ақ кейіннен сапасыз көрсетілген қызметтер үшін қаржыландыруды ұстап қалумен желілік шкаланы қолдану арқылы ӘМСҚ КЕАҚ қамтамасыз ететінін көрсетті, бұл денсаулық сақтау кәсіпорындарының 1,6 млрд. теңгеге жоғалған пайдасына әкелген.

Сонымен қатар, Фтизиопульмонология орталығының нақты шығындарын өтемейтін белгіленген төмен тарифтер 1,7 млрд. теңгеге айтарлықтай кредиторлық берешекке алып келген.

Елорда халқының жыл сайынғы ұлғаюына байланысты №3 және №7 емханалар жұмысының шамадан тыс өсуі халыққа амбулаториялық-емханалық көмек көрсету сапасына әсер етеді.

Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің активтерін басқару тиімділігінің аудиті осы сектор ұйымдарының жарғылық емес қызметтен табыс алу («Астана су арнасы» ШЖҚ МКК – 51,7 млн. теңге, «Астана Зеленстрой» ЖШС – 18,1 млн. теңге), сондай-ақ мемлекет активтерін тиімсіз жоспарлау мен пайдалану – 4,4 млрд. теңгеге экономикалық шығын фактілеріне жол берілгенін («Астана су арнасы» ШЖҚ МКК – 4,0 млрд. теңге, «Астана Зеленстрой» ЖШС – 406,5 млн. теңге және «Өркен қала» ЖШС – 467,9 мың теңге) көрсетті.

Бұдан басқа, «Астана су арнасы» ШЖҚ МКК инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын жоспарлау кезінде бұзушылықтарға жол берген. Бұл ретте, табиғи монополиялар субъектілерінің кеңес беру тізбесіне енгізілгеніне қарамастан, тарифтік реттеудің ынталандырушы әдісін қолдана отырып, кәсіпорын тарифті бекітуді қамтамасыз етпеген.

Сондай-ақ, мәдениет кәсіпорындары қызметінің аудиті мәдениет саласындағы мемлекеттік кәсіпорындардың шығындарын жабуға бөлінетін субсидиялардың жыл сайынғы өсімін көрсетті (2023 жылы – 66,7%, 2024 жылы – 71,1%, 2025 жылы – 74,6%). Ал соңғы жылдары кәсіпорындардың кірістер құрылымындағы меншікті қаражаттың үлесі 2023 жылғы 11,2%-дан 2025 жылы 10,8%-ға дейін төмендеді, бұл мемлекетке жүктемені азайту мақсатында ақылы қызметтер көрсетуге ұйымдарға тиісті бақылаудың жоқтығын көрсетеді. Бұдан басқа, жарғылық капитал мөлшерін көрсетпеу фактілерінің болуы («Астаналық цирк» МККҚ-де – 2,7 млрд. теңге, «Жас көрерменнің музыкалық театры» МККҚ-да – 363,1 млн. теңге, «Қуыршақ театры» МККҚ-да – 204,7 млрд. теңге) байқалады.

Цифрландыру саласында бюджеттік бағдарламаларды іске асыру тиімділігіне жүргізілген аудит Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау кезінде қабылдаған шешімдердің негізділігінің жеткіліксіздігін анықтады, бұл оларға бірнеше рет нақтылаулар мен түзетулер енгізуге, сондай-ақ оларды іске асыру тиімділігінің төмендеуіне және белгіленген мақсаттарға қол жеткізбеуге әкеп соқтырған, нәтижесінде 7,5 млрд. теңгеге қаражаттың тиімсіз жоспарлануына әкелді. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру бойынша есептілікті қалыптастыру және ұсыну кезінде бюджеттік бағдарламаларды орындау нәтижелерінің толық емес және дұрыс көрсетілмеуіне әкеп соққан бұзушылықтар қайталанады. Жарғылық капиталдың ұлғаюын уақытылы көрсетпеу және активтерді беру бөлігінде бухгалтерлік есепті бұзуға жол берілді (1,3 млрд. теңге).

Өткізілген аудиторлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша ақпарат мәслихат төрағасына және Астана қаласының әкіміне жіберіледі, сондай-ақ ведомстволық сайтта орналастырылады.

Тексеру комиссиясының отырыстарына тұрақты негізде мәслихат депутаттары шақырылатынын атап өткен жөн, онда проблемалық мәселелер көтеріліп, аудит объектілері қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ескертулер мен ұсыныстар талқыланады.

Есепті кезеңде Тексеру комиссиясы барлық бұзушылықтар бойынша мүдделі ұйымдарға 160 тапсырма және 49 ұсыным берді, олардың орындалуы белгіленген мерзімдерге сәйкес тұрақты бақылауға алынды.

Сонымен қатар, анықталған бұзушылықтар бойынша 87 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Уәкілетті органдарға қарау және шешім қабылдау үшін 287 факті бойынша әкімшілік материалдар жолданды, оның ішінде 151 факт бойынша аудит нысанының заңды тұлғаларға, лауазымды адамдарға 27 млн. теңге сомаға айыппұл салынды.

Тексеру комиссиясы 19 әкімшілік іс қозғады: оның 11-і қысқартылған тәртіппен қаралды және жалпы сомасы 3,6 млн. теңгеге айыппұл салынды. Бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, нұсқаманы орындау бойынша жұмыстарды орындау арқылы қалпына келтіру мақсатында сотқа 3 талап арыз берілді, олар толық көлемде қанағаттандырылды.

Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері болуына байланысты рәсімдік шешімді қарау және қабылдау үшін Астана қаласының прокуратурасына 2 материал жіберілді.

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы бұзушылықтарды анықтап қана қоймайды, олардың туындауының алдын алуға, қалыптасқан жүйелі себептерді жоюға және елорда тұрғындарының мүддесі үшін бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру жұмыстарын әрі қарай жалғастыра береді.

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясы

Қоғам мен мемлекет арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін маңызды институттың бірі – мемлекеттік қызмет. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігімен ғана емес, олардың адамгершілік қасиеттерімен, адалдығымен, жауапкершілігімен және қызметтік әдеп нормаларын сақтау деңгейімен де айқындалады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕПТІЛІГІ

Бүгінгі таңда мемлекеттік аппараттың басты міндетінің бірі – азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау, халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсету және қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін нығайту.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру және азаматтардың сұраныстарына жедел ден қоятын, ашық әрі жауапты мемлекет қалыптастыру қажеттігін атап көрсетіп келеді.

Мемлекет басшысының «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғырту, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігін арттыру және мемлекеттік басқаруда жаңа әдеп стандарттарын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылған. Осы бағыттағы маңызды қадамның бірі – 2026 жылғы 19 мамырда қабылданып, 1 шілдеден бастап қолданысқа енген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» жаңа заңы. Аталған заң мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіруге, мемлекеттік аппараттың кәсібилігін арттыруға, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейтуге және халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға бағытталған.

Заңда мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мен мінсіз беделіне ерекше мән берілген. Атап айтқанда, заңның 12-бабында мемлекеттік қызметшінің мінсіз беделіне қатысты талаптар көзделген. Мемлекеттік қызметші өзінің қызметтік міндеттерін адал орындап қана қоймай, мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуге тиіс. Бұл талаптар мемлекеттік қызметшінің кәсіби қызметімен қатар, оның қоғамдағы мінез-құлқы мен жеке жауапкершілігінің де маңызды екенін көрсетеді. Сонымен қатар заңның 17-бабында мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері айқындалған. Олардың қатарында лауазымдық міндеттерін адал әрі кәсіби орындау, азаматтардың құқығы мен заңды мүддесін сақтау, қызметтік әдеп талаптарын ұстану және мүдделер қақтығысының алдын алу мәселелері қамтылған.

Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын айқындайтын негізгі нормативтік құқықтық актінің бірі – Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі. Оның негізгі мақсаты – қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайту, мемлекеттік қызметте жоғары мәдениетті қалыптастыру, адалдық пен парасат қағидаттарын орнықтыру, сондай-ақ әдепке жат мінез-құлықтың алдын алу.

Кодекске сәйкес, мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, адал ниеттілік және клиентке бағдарлану қағидаттарын басшылыққа алуға тиіс. Аталған қағидаттар азаматтармен қарым-қатынаста құрмет пен әдептілік танытуды, шешім қабылдау кезінде объективтілік пен бейтараптықты сақтауды, сондай-ақ азаматтардың өтініштерін қарау барысында негізсіз бюрократиялық кедергілерге жол бермеуді көздейді. Әсіресе, халықпен тікелей жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің қарым-қатынас мәдениеті ерекше маңызға ие. Мемлекеттік органға жүгінген әрбір азамат өз мәселесінің мұқият әрі жан-жақты қаралатынына, заңнамаға сәйкес негізделген жауап алатынына сенімді болуы қажет.

Мемлекеттік қызметші өзінің әрбір іс-әрекеті, қабылдаған шешімі және азаматтармен қарым-қатынасы арқылы тұтастай мемлекеттік органның беделіне әсер ететінін түсінуі тиіс. Сонымен бірге қызметтік әдеп талаптары тек жұмыс уақытында ғана емес, қызметтен тыс уақытта да сақталуы қажет. Мемлекеттік қызметшілер жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қарапайымдылық танытып, өзінің лауазымдық жағдайын жеке мүдделеріне пайдаланбауға және мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болуға міндетті.

Мемлекеттік қызмет жүйесінде әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз етудің маңызды бағытының бірі – құқық бұзушылықтардың алдын алу. Осы орайда мемлекеттік органдарда профилактика және түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, қызметшілердің құқықтық сауатын арттыру, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру маңызды рөл атқарады. Бұл бағытта әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдеп талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетіп, әдеп нормаларын бұзудың алдын алуға және ұжымдағы қызметтік қарым-қатынас мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Айта кету керек, қызметтік әдеп нормаларын бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін. Дегенмен мемлекеттік қызметте жоғары әдеп мәдениетін қалыптастыру тек бақылау және жауапкершілік шараларымен шектелмеуі тиіс. Ең алдымен, әрбір мемлекеттік қызметші адалдықты, әділдікті және халыққа қызмет етуді өзінің кәсіби әрі адамгершілік ұстанымына айналдыруы қажет.

Мемлекеттік қызметшінің әдептілігі – оның кәсіби мәдениетінің, азаматтарға деген құрметінің және өз міндетіне жауапкершілікпен қарауының айқын көрінісі. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіру, Әдеп кодексінің талаптарын сақтау және Мемлекет басшысы айқындаған міндеттерді іске асыру – кәсіби, ашық әрі халыққа бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың маңызды алғышарттары.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметшінің әдебі – жай ғана мінез-құлық ережелерінің жиынтығы емес, ол мемлекеттік қызметтің абыройын айқындайтын басты құндылықтың бірі. Әрбір мемлекеттік қызметшінің адалдығы, әділдігі, жауапкершілігі және азаматтарға құрметпен қарауы қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтуға тікелей ықпал етеді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі №213 қала құрылысы жобаларын (елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды:

1. «Бесшалқар, Айнакөл, Мұқан Төлебаев көшелері мен Рақымжан Қошқарбаев даңғылының шекараларындағы аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу (көппәтерлі тұрғын үй кешендері, бизнес-орталық, балабақша, спорт кешені, қазандық және трансформаторлық қосалқы станциялар). Тапсырыс беруші: «Elite Company Group» ЖШС.

2. «Астана қаласындағы А102, А127, А104 және А319-2 көшелерінің шекараларындағы аумақтың егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу (кеңсе ғимараттары, автожуу орындары, сауда орталығы, кір жуу орны, химиялық тазалау орны, қонақүй, монша кешені, автокөлік бөлшектерін сататын сауда үйлері, тұрмыс техникасын, электрониканы сату және жөндеу орталығы, тұрмыстық қызмет көрсету көпфункционалды орталығы, трансформаторлық қосалқы станциялар). Тапсырыс беруші: «Жорға МТ» ЖШС.

